

Инновациялық қызмет туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 3 шілде N 333-ІІ. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2006.03.23. N 135 Заңымен.

Осы Заң инновациялық қызмет саласындағы қатынастарды реттейді, мемлекеттік инновациялық саясатты іске асырудың негіз болатын принциптерін, бағыттары мен нысандарын айқындайды.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) мемлекеттік инновациялық саясат - әлеуметтік-экономикалық саясаттың инновациялық қызметті дамыту мен ынталандыруға бағытталған құрамдас бөлігі ;

2) инновациялық қызмет - нәтижелері экономикалық өсу мен бәсекелестік қабілеттілігі үшін пайдаланылатын, өндірістің және қоғамды басқарудың әртүрлі салаларына жаңа идеяларды, ғылыми білімдерді, технологиялар мен өнім түрлерін енгізуге бағытталған қызмет;

3) инновация - инновациялық қызметтің жаңа немесе жетілдірілген өнім (жұмыс, көрсетілетін қызмет), жаңа немесе жетілдірілген технологиялық процесс түрінде іске асырылған нәтижесі, сондай-ақ қоғамдық қатынастың әртүрлі саласында өндірістің және қоғамды басқарудың әртүрлі салаларына прогрессивті ықпал ететін ұйымдық-техникалық, қаржы-экономикалық және басқа да ш е ш і м д е р ;

4) инновациялық бағдарлама бірыңғай мақсатпен, міндеттермен, объектімен немесе аумақпен біріктірілген, ресурстары, орындаушылары мен іске асыру мерзімдері бойынша келісілген инновациялық жобалар мен іс-шаралар кешені;

5) инновациялық жоба - инновацияға қол жеткізуге бағытталған ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибе-конструкторлық, маркетингтік зерттеулер мен жұмыстар кешенін жүргізу жоспарынан, сондай-ақ техникалық-экономикалық көрсеткіштерден тұратын құжат ;

6) инновациялық инфрақұрылым - инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті жұмыстарды орындайтын және қызмет көрсететін ұйымдар жиынтығы;

7) уәкілетті орган - берілген өкілеттік шегінде инновациялық қызмет саласындағы басшылық пен мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган ;

8) технологиялық инкубатор - инновациялық қызмет субъектілеріне ғылыми,

өндірістік, кадр жөнінде, заңдық, маркетингтік, лизингтік және өзге де қызмет көрсетулерді қамтамасыз ететін заңды тұлға;

9) инновациялық қор - инновациялық қызметті дамытуға инновациялық жобалар мен инфрақұрылымды қаржыландыру арқылы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жәрдемдесетін заңды тұлға.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

2-бап. Қазақстан Республикасының инновациялық қызмет туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының инновациялық қызмет туралу заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Мемлекеттік инновациялық саясаттың мақсаты мен негізгі міндеттері

1. Мемлекеттік инновациялық саясаттың мақсаты өндірістің және қоғамды басқарудың әртүрлі салаларында бәсекелестікке қабілетті, жоғары технологиялық өнімдердің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) басымдығын қамтамасыз ететін теңдестірілген өндірістік инфрақұрылым болып т а б ы л а д ы .

2. Мемлекеттік инновациялық саясат:

1) инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың нысандары мен әдістерін айқындау және негізінен ғылым мен техника жетістіктеріне сүйеніп әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;

2) инновациялық қызметті дамыту мен инновациялық қызмет субъектілерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық базаны қ а л ы п т а с т ы р у ;

3) инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдау және инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру;

4) экономиканың жаңа жоғары технологиялық секторын қалыптастыру, экспортқа бағдарланған өндірісті жаңғырту және құру;

5) инновациялық қызметке шағын және орта бизнес субъектілерін тарту;

6) ғылымның, білімнің, өндірістің және қаржы-кредит саласының өзара ы қ п а л д а с т ы ғ ы н қ а м т а м а с ы з е т у ;

7) инновациялық қызмет саласында халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдесу, ұлттық мүдделерді және интеллектуалдық меншікті қорғау міндеттерін шешуге бағытталған.

4-бап. Мемлекеттік инновациялық саясаттың принциптері

1. Мемлекеттік инновациялық саясат отандық өнімнің бәсекелестік қабілеттілігін арттыру, елдің экономикалық дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, халықтың тұрмыс деңгейін көтеру үшін инновациялық қызметтің басымдығын тануды негізге ала отырып қалыптастырылады және іске асырылады.

2. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының дамудың инновациялық жолына ұстанған стратегиялық бағдары;

2) мемлекеттік инновациялық саясатты іске асыруға бағытталған инновациялық бағдарламалар мен жобаларды мемлекеттік қолдау;

3) инновациялық қызмет үшін біліктілігі жоғары кадрлар даярлау;

4) қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда, инновациялық қажеттіліктер мен ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет нәтижелері туралы ақпаратты алу және тарату еркіндігі мемлекеттік инновациялық саясаттың принциптері болып табылады.

5-бап. Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың нысандары

Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мынадай негізгі нысандарда:

1) инновациялық даму басымдықтарын айқындау және инновациялық бағдарламаларды әзірлеу;

2) мемлекеттік инновациялық саясатты іске асыру үшін инвестициялар тартуды қамтамасыз ететін қажетті ұйымдық және экономикалық жағдайлар жасау;

3) инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру;

4) < * >

5) бәсекелестікке қабілетті өндірістерді құруға мемлекеттің қатысуы;

6) мемлекеттік тапсырыс бойынша құрылған, инновацияларды өткізудің кепілді рыноктарын қамтамасыз ету;

7) отандық инновацияларды сыртқы рыноктарға шығару нысандарында жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. №13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

6-бап. Инновациялық қызметтің мазмұны

Инновациялық қызметке мынадай қызмет түрлері:

1) қоғамды басқару саласына жаңа идеялар мен ғылыми білімдерді енгізу;

2) экономикалық айналымда іске асырылатын жаңа немесе жетілдірілген өнімді (жұмысты, көрсетілетін қызметті), жаңа немесе жетілдірілген

технологиялық процесті жасауға бағытталған ғылыми-зерттеу, жобалау, ізденіс, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды орындау мен оларға қызмет көрсету;

3) инновациялық тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуді қамтамасыз ету;

4) өндірісті технологиялық қайта жаратқандық және дайындауды жүзеге асыру;

5) жаңа технологиялық процестерді, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сертификаттау мен стандарттау мақсатында сынақтар өткізу;

6) бастапқы кезеңде инновациялық жоба өтемділігінің нормативтік мерзіміне жеткенге дейін жаңа немесе жетілдірілген өнім (жұмыс, көрсетілетін қызмет) өндіру және (немесе) жаңа немесе жетілдірілген технологияны қолдану;

7) инновациялық инфрақұрылымды құру мен дамыту;

8) инновациялық қызмет нәтижелерін насихаттау және инновацияларды тарату;

9) игеру және іске асыру мақсатында интеллектуалдық меншік объектілеріне (оның ішінде ашылмаған ғылыми, ғылыми-техникалық және технологиялық ақпаратқа) құқықтарды қорғау, беру және иемдену;

10) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес инновациялар жасауға бағытталған өзге де қызмет түрлері жатады.

7-бап. Инновациялық қызметтің субъектілері мен объектілері

1. Мыналар:

1) инновацияны жасаушы және іске асырушы жеке және заңды тұлғалар;

2) негізгі қызметі инновацияларды жасауға және оларды өндірістің және қоғамды басқарудың әртүрлі салаларына беруге бағытталған инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілері (технополистер, технологиялық, өнеркәсіптік және агроөнеркәсіптік парктер (технопарктер), технологиялық инкубаторлар, инновациялық қорлар, инновациялық орталықтар және инновациялық қызмет инфрақұрылымының өзге де ұйымдары);

3) инновациялық қызметті реттеуге қатысатын мемлекеттік органдар;

4) инновацияларды жасаушылар мен тұтынушылардың мүдделерін білдіретін және қорғайтын қоғамдық бірлестіктер инновациялық қызмет субъектілері болып табылады.

2. Мыналар:

1) инновациялық жобалар мен бағдарламалар;

2) интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелері;

3) технологиялар, жабдықтар мен процестер;

4) өндіріс пен кәсіпкерлік инфрақұрылымы;

5) өндірістік, басқарушылық, коммерциялық немесе өзге процестің сапасы мен тиімділігін едәуір жақсартатын өзге де жаңа ұйымдық-техникалық, қаржы-экономикалық шешімдер инновациялық қызмет объектілері болып табылады.

3. Инновациялық қызмет субъектілері инновациялық жобалар мен бағдарламалардың тапсырыс берушілерінің және (немесе) орындаушыларының, инвесторлардың, инновацияларды тұтынушылардың, сондай-ақ инновациялық процеске қызмет көрсететін және инновацияларды игеру мен таратуға жәрдемдесетін ұйымдардың функцияларын орындай алады.

8-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының мемлекеттік инновациялық саясатты іске асыру жөнінде құзыреті

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) мемлекеттік инновациялық саясатты айқындайды және іске асырады;
- 2) мемлекеттік инновациялық бағдарламаларды әзірлейді;
- 3) салалық және аймақтық инновациялық бағдарламаларды бекітеді;
- 4) Қазақстан Республикасының экономикасы үшін стратегиялық мәні бар инновацияларды және мамандандырылған инновациялық қызмет субъектілерін қ ұ р у ғ а қ а т ы с а д ы ;

5) инновациялық қызметті реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның міндеттерін, функциялары мен өкілеттігін айқындайды;

6) < * >

7) үлгілік құжаттардың нысандарын, мемлекеттік сараптама ұйымдастыру мен өткізудің тәртібін, инновациялық жобаларды конкурс арқылы іріктеу мен қаржыландыру ережесін бекітеді.

8) < * >

2. Уәкілетті орган:

- 1) елдің инновациялық даму болжамын әзірлейді;
- 2) мемлекеттік органдардың инновациялық қызметті дамыту жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

3) салааралық инновациялық бағдарламалар, Қазақстан Республикасының экономикасы үшін стратегиялық мәні бар инновациялар мен мамандандырылған инновациялық қызмет субъектілерін құру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынады;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, инновациялық қызметті қаржыландыру мен ынталандыру, инновациялар жасауға арналған мемлекеттік тапсырысты орналастыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жобасын ә з і р л е й д і ;

5) үлгілік құжаттардың нысандарын, мемлекеттік сараптама ұйымдастыру

мен өткізу тәртібін, инновациялық жобаларды конкурс арқылы іріктеу мен қаржыландыру ережесін әзірлейді.

6) < * >

3. Өзге орталық атқарушы органдар:

1) өздерінің өкілеттіктері шегінде мемлекеттік инновациялық саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) салалық инновациялық бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады және оларға құқықтық, ұйымдастырушылық және өзге де қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.

3) < * >

4. Жергілікті атқарушы органдар:

1) өздерінің өкілеттіктері шегінде аймақтық инновациялық бағдарламаларды әзірлеп, іске асырады және оларға құқықтық, ұйымдастырушылық және өзге де қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді;

2) инновацияларды және инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін құруға қатысады.

3) < * >

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. № 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

9-бап. Инновациялық бағдарламаларды қалыптастыру

1. Мемлекеттік инновациялық бағдарлама елдің әлеуметтік-экономикалық, инновациялық және ғылыми-технологиялық дамуының басымдықтары ескеріле отырып, тиісті кезеңге арналған инновациялық даму болжамы негізінде қалыптастырылады және:

1) елдің экономикасы үшін стратегиялық мәні бар инновацияларды жасау кезеңінде инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды;

2) инновациялық инфрақұрылымның қалыптасуы мен дамуын;

3) инновацияларды жасаушылар мен тұтынушылардың деректер банкі мен бірыңғай ақпараттық желісін ұйымдастыруды;

4) инновациялық қызмет субъектілерін ынталандыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілер әзірлеуді көздеуге тиіс.

2. Аймақтық инновациялық бағдарламалар аймақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламалары негізінде қалыптастырылады және кадрлар даярлауды қоса алғанда, инновациялық инфрақұрылым мен инновациялық әлеуетті дамытудың негізгі басымдықтарын, инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін ынталандыру нысандары мен әдістерін айқындайды.

3. Салалық инновациялық бағдарламалар мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық, инновациялық, өнеркәсіптік, аграрлық және

ғылыми-техникалық саясаттың басымдықтарын негізге ала отырып қалыптастырылады және экономика салаларының дамуын теңдестіруге, бәсекелестікке қабілетті өндірістер құруға бағытталуға тиіс.

4. Инновациялық бағдарламалар инновациялық жобаларды және инновациялық инфрақұрылымды дамыту жобаларын конкурстық іріктеу негізінде қалыптастырылады.

5. Инновациялық бағдарламаларды қалыптастыру кезінде инновациялық қызмет субъектілерінің инновациялар жасауына конкурстық негізде тапсырыс орналастыру көзделеді.

6. Инновациялық бағдарламаларды ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық, өндірістік, ақпараттық және инновациялық жобаларды іске асыруға қажетті басқа да қызмет түрлері арқылы өзара байланысты инновациялық қызмет субъектілері іске асырады.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

10-бап. Инновациялық қызметті қаржыландыру көздері

Инновациялық қызметті қаржыландыру:

- 1) инновациялық қызмет субъектілерінің өз қаражаты;
- 2) бюджет қаражаты;
- 3) инновациялық қорлардың қаражаты;
- 4) мемлекеттік нақтылы гранттар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

11-бап. Инновацияны жасауға арналған мемлекеттік тапсырыс

Инновацияларды жасауға мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру мен орналастыру мемлекеттік инновациялық саясаттың басымдықтарына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңдарына сәйкес бекітілген бағдарламалар шеңберінде жүзеге асырылады. *(РҚАО-ның ескертуі: Қазақстан Республикасының Заңы).*

12-бап. Инновациялық қызмет субъектілерінің халықаралық ынтымақтастығы

1. Инновациялық қызмет субъектілерінің халықаралық ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының заңдары мен халықаралық шарттары негізінде жүзеге асырылады.

2. Инновациялық қызмет субъектілері инновациялық қызметпен айналысатын халықаралық ұйымдарға өз бетінше кіруге, халықаралық инновациялық

бағдарламалар мен жобаларға қатысуға, шарттар және өзге де келісімдер жасасуға құқылы.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК